

A 2009

2490

21.10.09

ӘОЖ 81'12:81'373.21(092)

Қолжазба құқығында

ЕСЕНОВА ҚЫРМЫЗЫ ЕСЕНОВНА

**Ә.Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті
атаулардың лингвомәдени сипаты**

10.02.02 – Қазақ тілі

Филология ғылымдарының кандидаты
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның

А В Т О Р Е Ф Е Р А Т Ы

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2009

Жұмыс Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің қазақ тіл білімі кафедрасында орындалған.

Ғылыми жетекшілері:

филология ғылымдарының докторы,
профессор Ә. Құрышжанов

филология ғылымдарының докторы,
доцент М.С. Атабаева

Ресми оппоненттері:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ _____

филология ғылымдарының докторы,
профессор Г.Н. Смағұлова

филология ғылымдарының кандидаты,
доцент міндетін атқарушы
Х.А. Ордабекова

Жетекші ұйым:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты

Диссертация 2009 жылы 18 қарашада сағат 14.00-де Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде (050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы 13, кіші конференцзал) филология, педагогика ғылымдарының докторы (кандидаты) ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 14.09.04. диссертациялық кеңестің мәжілісінде қорғалады.

Диссертациямен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің кітапханасында танысуға болады (050010, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30).

Автореферат 2009 жылы «17» қазанда таратылды.

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы, филология
ғылымдарының докторы, профессор



Қосымова Г.С.

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Халықтың әлем туралы ой-тұжырым, дүниетанымынан туындайтын, өзіндік төл мәдениетімен ұштасып, этнос болмысының тікелей көрінісі болатын қымбат дүниесі – оның тіл әлемі, тіл байлығы.

Қазіргі заманғы тіл ғылымы тілдің қатынас құралы қызметімен қатар танымдық, кумулятивтік қызметіне айрықша назар аударып келеді, өйткені адамзаттың ақыл-ойының жетілуі нәтижесінде жинақталған әлем туралы білім қоры әр ұлттың өзіне тән мінез-құлық, жан-дүниесі, психологиясынан хабардар етеді, адам баласы дүниетаным қабілетінің қорытындысын сыртқа шығарып ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Осындай нағыз этностық, тіл иесі халықтың тұрмыс тіршілігінің куәсі, ұлттық тілдің құрамдас бөлігі, этнос болмысын танытуда негізі терең арнаның бірі – жергілікті ерекшеліктері, әдеби тілдің «сыртында» жатқан халық тілінің этномәдени бояулы деректері мол сақталған саласы.

Қай тілдің болмасын сырын шынайы тану үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білу жеткіліксіз, оның түп тамыры тіл иесі этностың ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан тарихының қалың беттерімен, мәдениетімен, ұлттық мінез-құлықпен байланысты. Ұлтқа тән қадір-қасиетті танытатын тіл болса, тіл деректерінің тоғысар жері – көркем шығарма. Көркем шығарма – ұлттық болмысқа қатысты мәселелерді жинақтайтын күрделі құбылыс, біртұтас дүние. Көркем шығарма мәтінінде кездесетін әр алуан тілдік құбылыс ұлттық тілдің барлық тармақтарынан алынады. Жергілікті ерекшеліктер лексикологияда қолданылу өрісі тар, шектеулі қабатқа жатқызылады, олай болса, жергілікті ерекшеліктердің нақты көрінер, басқа танылар тұсы – көркем шығарма мәтіні.

Жазушы сөзбен сурет салу барысында образ іздейді, ол үшін оқырманға әсер етіп, кейіпкерді «өз тілінде» сөйлетуге тырысады. Міне, осы жағдайда диалектілер керекке жарайды. Бұл мәселеге қатысты М. Әуезов «Қазақстанның бар өлкесіндегі халықтық тіл байлықтарын мол пайдалану мәселелерін үнемі шартты талап етіп, сынап отыру керек» [1,83 б.], – деген екен, сондықтан әдеби тіл дамуының әр кезеңінде жергілікті ерекшеліктер, диалектизмдер олардың көркем әдебиетте қолданылуы мәселесі көтеріліп отыруы заңды.

Бұл зерттеулер көп жағдайда әдеби тілдің қалыптасуы әдеби тіл және оның нормасы, тіл мәдениетіне қатысты мәселелерді қозғайды. Ал соңғы жылдардағы зерттеулер қазіргі тіл ғылымындағы антропоцентристік бағытта дамып келеді. Осы орайда Ж.Мұхамбетов, А.Есенбай, Р.Асылбеков сынды ғалымдарды атап кеткен жөн.

«Әдебиет – тілімен әдебиет» [1,74 б.] демекші, жазушының еңбегі екі жақты бағалануға тиісті, бірінші жағы – әдеби жанр және оған тиісті талаптар болса, екіншісі – тіл құдіретінің сапалық деңгейі болмақ. Белгілі сөз зергері Ә.Кекілбаев шығармашылығы осы екі қырынан да зерттеушілер назарында, дегенмен жазушы шығармашылығы жергілікті ерекшеліктерге

қатысы тұрғысынан және олардың қолданыстағы көрінісі жайында арнайы сөз бола қойған жоқ.

Олай болса, қазақ этносының бітім-болмысын жан-жақты тани түсуге мүмкіндік беретін тіл иесімен бірге заманнан-заманға озып, сақталып келе жатқан жергілікті ерекшеліктерінің көрнекті жазушы Ә.Кекілбаев шығармашылығындағы қолданыс күйін көркем әдебиет стилі, әдеби норма мәселелерімен қатар, лингвомәденитанымдық қызметі тұрғысында зерделеу бүгінгі таңдағы *өзекті* мәселе қатарына жататыны анық.

Зерттеу нысаны. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті тіл ерекшеліктері, диалектизмдер.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Жұмыстың зерттеу нысанына орай дереккөз ретінде Ә.Кекілбаев шығармалары негізге алынды, осы шығармалардан жиналған екі мыңдай диалектизм зерттеуге арқау болды. Сонымен қатар, С.Аманжолов, Ж.Досқараев, Ә.Нұрмағанбетов, С.Омарбеков, Ш.Сарыбаев еңбектері мен «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» (1969; 1996; 1999), «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі» (2005), М.Қашқари «Түрік тілінің сөздігі» (1997); С.Е.Малов «Памятники древнетюркской письменности» (1951) секілді сөздіктер пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының әдістері. Көркем мәтіндегі жергілікті ерекшеліктерді анықтауда салыстыру, тілдік материалдарды лингвомәдени бірлік ретінде сипаттау, компоненттік, семантикалық талдау әдістері қолданылады.

Зерттеудің әдіснамалық негізін диалектология, лингвомәденитану, әдеби тіл нормасымен қатар, көркем мәтін лингвистикасы; стилистикасы, прагматикасы және тіл білімінің жекелеген мәселелерін зерттеуші А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, В. Виноградов, Н. Гальперин, С. Аманжолов, М. Балақаев, Р. Сыздық, Ш. Сарыбаев, Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Ғ. Қалиев, Н. Уәлиев, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, Б.Шалабай, С.Қоянбекова, М. Атабаева т.б. ғалымдардың еңбектерінде айтылған ой-пікірлері құрайды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Ә. Кекілбаев шығармаларындағы диалектизмдерді кешенді талдау жасау арқылы жергілікті тіл бірліктерінің мәдени, танымдық табиғатын, қолданымдық сипатын анықтау. Осы мақсат негізінде мынандай міндеттерді жүзеге асыру көзделді:

- Ә. Кекілбаев шығармаларында кездесетін диалектизмдердің өзіндік ерекшеліктерін анықтай отырып, тақырыптық топтарға жіктеу, лексика-семантикалық жақтан сипаттау;

- фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктердің стиль түрлеріне қатысын айқындап, стилистикалық мағына мен реңк тұрғысынан зерделеу;

- материалдық және рухани мәдениетке қатысты диалектизмдерді лингвомәдени бірлік деңгейінде талдау;

- лингвомәдени деректі диалектизмдерді этимологиялық жағынан талдау;

- Ә. Кекілбаев шығармаларындағы диалектизмдердің қолданысын әдеби тіл нормасы, көркем әдебиет тілі заңдылықтарына қатысты мәселелер өзегінде көрсету;

- Ә.Кекілбаев шығармаларындағы диалектизмдердің қолданылу уәжділігін анықтай отырып, олардың аймақтық сөйленістер тобына қатысын, сипатын белгілеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- зерттеу нәтижесінде Ә. Кекілбаев шығармаларындағы диалектизмдер фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктер тұрғысынан сұрыпталды. Лексикалық ерекшеліктердің мағыналық топтары ажыратылып, аталымның семантикалық деңгейінде тарихи, әлеуметтік, экстралингвистикалық факторлардың әсері анықталды;

- көркем шығармада диалектизмдерді қолданудың мақсатына сай прагматикалық, стилистикалық белгілері көрсетіліп, стилистикалық мағына, реңк тұрғысынан сөз болды;

- көркем шығармада фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерді қолданудың стилистикалық мақсаты сараланып, бұл жазушы сипаттап отырған өңірге қатыстылығының тарихи әлеуметтік себептері айқындалды;

- жинақталған тіл деректері этномәдени, лингвомәдени бірлік ретінде алынып, олардың мазмұнында тарихи-танымдық, мәдени ақпараттың атқаратын қызметі көрсетілді, сол арқылы басқа өңірлермен сабақтастығы, жалпы қазақтың рухани және материалдық мәдениетімен өзектестігі сараланды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Зерттеу нәтижесі, онда айқындалған тұжырымдар тіл ғылымының диалектология, стилистика, мәтін лингвистикасы салаларының, әдеби тіл нормасы, нормаландыру ұстанымдары, көркем шығарма тілі, диалектизмдерді қолдану мәселелерінің теориялық негіздерін дамытуға септігін тигізеді. Ғылыми жұмыстың тұжырымдары қазіргі қазақ тілі біліміндегі антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің қағидаларына үлес қосады.

Зерттеу жұмыстарының практикалық мәні. Зерттеу материалдары нәтижелерін жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде диалектология, лексикология, мәтін лингвистикасы, этнолингвистика, лингвомәдениеттану салалары бойынша оқытылатын дәрістер мен семинар, арнай курстарда пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- жазушы тіліндегі уәжді, мақсатты түрде қолданылған диалектизмдер экспрессияның тиімді құралы болып табылады;

- Ә.Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті тіл ерекшеліктерінен тіл иесінің ертеден қалыптасқан ұлттық болмысы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі мен дүниетанымы айқын көрінеді;

- Ә.Кекілбаев шығармаларынан тілдік таңбалар арқылы кодқа салынған жазушының ой-пікірі, сезімі, интенциясын байқауға болады;

- жазушы тілін зерделеуде мәтін мен дискурс негізінде кешенді талдау жүргізе отырып, тарихи-мәдени қайнар көздерді, мәтіннің этноұлттық ерекшеліктері мен әлеуметтік сипатын, халықтың философиялық дүниетанымы мен психологиялық мінездемесін айқындауға болады;

- көркем мәтінде лексикалық ерекшеліктермен қатар, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктер де кездеседі, олар жазушының қолдану мақсатына орай стилистикалық қызмет атқарып тұр.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлдануы.

Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен нәтижелері халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды. Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша республикалық басылымдарда 12 мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті қазақ тіл білімі кафедрасының мәжілісінде, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Қазіргі қазақ тілі теориясы және әдістемесі кафедраларының бірлескен мәжілісінде, әдістемелік семинарда талқыланып, мақұлданды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Диссертацияның «**Ә.Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті атаулардың прагматикалық табиғаты**» атты бірінші тарауында Ә.Кекілбаев шығармалары бойынша лингвомәдени бірліктер коммуникативті-прагматикалық, стилистикалық тұрғыдан алынып, зерттеу аспектілері, жергілікті атауларды қолданудың уәжділік мәні, жазушы тіліндегі жергілікті атауларды лингвомәдени бірлік ретінде қарастырудың сипаты анықталады. Бөлім мазмұны төрт тараушада баяндалады.

1.1 Ә.Кекілбаев шығармалары бойынша лингвомәдени бірліктерді зерттеу аспектілері. Қазіргі таңда лингвистикалық зерттеулерде адам проблемасы басты назарға алынып, адамның тілдегі бейнесі ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл мәселе лингвомәдениеттану, психолингвистика, этнолингвистика, когнитивті лингвистикада, прагмалингвистикада сөз болып, аталған салалар соңғы жылдары қарқынды дамып келеді.

Бұл - «тілді өз ішінде өзі үшін» зерттеуден экстралингвистикалық факторлар аясында зерттеуге сүйенетін сыртқы лингвистиканың салаларымен байланысты бағыттар. Әсіресе тілді адамның өмір сүруінің тетігі, оның іс-тәжірибесін вербалды түрде жеткізудің құралы, адамдардың бірлескен қызметі үстінде өзара қарым-қатынасты орнататын қызметті ұйымдастыратын құрал ретінде қарау бағыты маңызды болып отыр.

Прагматика тілдің өмірдегі қолданысын, оның ұжымдық тәжірибеде жүзеге асуын көрсетеді. Ал мұның өзі ұжымның өмір заңдылықтарымен, тілді қолданушының психологиясымен, дүниетанымымен, оның когнитивтік базасымен, мәдени стереотиптермен, ұлттық дәстүрмен байланысты [2,35 б.]. Сол себепті объективтендірілген, сөйлеуші адамнан ажыратылып алынған тілден бірте-бірте әрекет үстіндегі, адамдар арасында қолданысқа түсетін тілдің қызметі зерттеу нысаны бола бастады [3, 19 б.].

Сөйлеу – тілдің коммуникативтік қызметінің жүзеге асуы. Тіл – сөйлеу арқылы өмір сүреді, сөйлеу арқылы көрінеді. Тілді мәтін арқылы көруге, естуге сөйлеу үстінде тыңдауға болады. Яғни тіл мен сөйлеудің қарым-қатынасы құбылыс пен оның мәнінің арақатынасы болып табылады [4, 12 б.]. Олай болса, кейіпкер – адамның, белгі бір тарихи кезеңдегі адамдардың әлеуметтік топтарының, өмір сүру дағдысы, жағдайы, тіршілік әрекетінің көрінісін тілдік таңба, тілдік амалдар арқылы жинақтайтын біртұтас құбылыс мәтін, көркем шығарма мәтіні деуге болады. Көркем шығарма мәтіні автордың мақсатына орай ұлттық тілдің барлық тармақтарымен сабақтас болады. Сол тармақтың қазыналы бөлігі – жергілікті ерекшеліктері.

Жазушы адам туралы бағалаушылық көзқарасын көркемдік-танымдық әрекеттің орталық субъектісі ретінде, ең алдымен, кейіпкерлер жасайтын бейнелер арқылы білдіреді. Сонымен, автор-кейіпкер-оқырман категориялары көркем шығарманың антропометриялық құрылымының мағыналық орталығы болып табылады. Ф.Ш.Оразбаева тілдік қатынасты жүзеге асыратын тұлғаларды зерттей келіп, мәтінді «...ойлау, хабарлау, баяндау, қабылдау, пайымдау құбылыстарымен байланысты, адамдар арасындағы тілдік қатынастың іске асуына негіз болатын қатысымдық жүйелі тұлға» деп сипаттайды, мәтінді тілдік қатынастың мазмұндық тұтастығымен ерекшеленетін жүйе деп таниды [5, 64 б.].

Әр оқырманның көркем мәтіннен қабылдайтын мағыналық және эстетикалық ақпаратының көлемі де әр түрлі болады. Көркем мәтін ақпаратын қабылдап шығарма мазмұнын талдау оқырманның білім деңгейіне, жеке талғамына және қызығушылығына байланысты. Прагматикалық тұрғыдан келгенде, көркем мәтінді зерттеуде адам факторын ескермеуге болмайды, себебі көркем мәтін прагматикасы тілдік қарым-қатынас субъектісіне қатысты, соған сүйенеді. Автор коммуникативтік мақсатқа жету үшін тілдік көрсеткіштер кешенін таңдайды, олар автордың лингвистикалық нұсқаушылары болып табылады.

Кез келген мәтін дүниетанымдық, прагматикалық аспектіден түзіліп, тілдің көпқырлы бірлігін құрайды. Мәтіннің дүниетанымдық аспектісі оның семантикалық, композициялық жағын құраса, прагматикалық аспект семиотикалық және композициялық жағын құрайды. Сонымен, мәтіннің композициялық жағы дүниетаным мен прагматикалық қырын байланыстырушы дәнекер ретінде қолданылып, мәтінді адам ойы мен көңіл-күйінің көрінісі ретінде сипаттайды.

Көркем әдебиетте баяндаудың сәтті шығуына автордың дүниетанымы, шығармашылық ұстанымы, композиция мен сюжет, кеңістік пен уақыт ұғымдары арасындағы байланысты көрсете білуі ерекше маңызға ие болады. Академик Р.Сыздық романды (әңгімені, повесті) тарихи стиль тезіне салғанда, автор өзі суреттеп отырған тарихи кезеңге сәйкес зат, бұйым, құбылыс, әрекет атауларын келтіруге тиіс, кейіпкерлерін мүмкіндігінше *сол кезеңге сәйкес сөйлетуі керек*, оның өзінде де әр кейіпкерді өзінің *әлеуметтік орнына, тәрбие-танымына, жасына, жынысына қарай «сол кезеңше»*

сөйлетуі керектігін айтады [6, 98 б.]. Өйткені сөз субъектісінің ақиқаттағы зат құбылысқа қатысы, зат құбылысты қандай сөзбен атайтыны, оған өзінің қатысын қандай сөзбен білдіретіні тәрізді көптеген мағыналық, мазмұндық құндылықтар мәселенің прагматикалық-коммуникативтік қырларына жатады. Н.Уәли сөз субъектісінің сөз әрекетімен байланыста пайда болған мәнділіктерін прагматикалық мағына деп атайды [2, 203 б.].

Ә.Кекілбаевтың «Құс қанаты» повесіндегі шатпа (төрт қанатты киіз үй), *шошала* (ас су қоятын, сақтайтын үй) диалектизмдерімен *төсекқап*, *аяққап*, *жұқаяқ* тәрізді көнерген сөздерді қатар алуы, сөз саптаушының коммуникативтік стратегиясына сай, ол бойынша, автордың осы көзқарасын, ой сезімін адресат қабылдауға, онымен бөлісуге тиіс [2, 203 б.]. Көркем шығармадағы автор бейнесі – тіл біліміндегі адам мәселесі қойылысының бір қыры екені осылай көрінеді. Коммуникативтік мақсат аталған зат атауларының бағалау мәнін ашады. Кейіпкердің тұрмыс жағдайын өзгертіп, «шылдырмақтай» ақ пәтерге кіру кезіндегі өмірінің екі кезеңін салыстыру сәтін жазушы осы сөздер арқылы танытады. Аталған мәдениет деректерінің құны кейіпкердің соларға деген сағынышынан аңғарылады. Қалаға көшерде ол дүниелерін шашып-төгіп кеткен жоқ, жанына жақын адамдарына сыйға беріп «қолдатып» (көтертіп) жіберді, аманатқа қалдырды. Ал екінші кезеңде «шылдырмақтай» пәтер оның жаңа тұрмысқа көну сәтін бейнелейді. Ол үшін жалғыз ұлдан артық ештеңе жоқ, соның жолында құрбан, соның қолында өлсе болды. Прагматикалық ақпарат осыны көрсетеді, оқушыны сендіреді. Бұл жазушы қолданысындағы диалектизмдер мен көнерген сөздердің үйлесіп келгендегі әлеуетінің күшін танытады.

Көркем шығарма бойынан материалдық та, рухани да мәдениеттің ұлттық көрінісін байқауға болады. Көркем шығарма тілі осы мақсатта зерттеледі де, сондықтан қазақтың дарынды жазушысы Ә.Кекілбаев шығармаларының тілі Р.Сыздық, Б.Әбілқасымов, Ш.Ш.Сарыбаев, Е.Н.Жанпейісов, Б.Шалабай, С.Ғұбайдуллин, Ж.У.Дүйсенбаева, Ж.М.Абдрахманова, Г.Қосымова сынды ғалымдардың еңбектерінде сөз болып келеді. Ал жазушы шығармасындағы жергілікті ерекшеліктердің арнайы зерттеу нысаны бола қоймағаны бұл зерттеудің бағыт бағдарын белгіледі деуге болады. Яғни жергілікті ерекшеліктер топтастырылып, мағыналық жағынан сипаттау, саралау арқылы әлемнің тілдік бейнесін таныту бағытында зерделеу мақсаты қойылды. Тілді мәдениет контекстінде қарастыру – тіл ғылымының көптеген мәселелерін шешу деген сөз, өйткені тіл тарихы мен этнос тарихы, оның мәдениеті – бір-бірімен байланысты, біртұтас әлем.

Жазушы әдеби шығарма жазу барысында өз дәуірінің әдеби нормасын пайдаланады. Сөйтіп, көркем мәтін әдеби тіл заңдылықтарының көрсеткіші болады. Әдеби тіл нормасы ірі жазушылардың көркем шығармаларында ғана жан-жақты көрінеді. Жазушы өз шығармасының мәтініне әдеби тіл нормасынан тыс элементтерді (атап айтқанда, диалектизмдер, жаргон, дөрекі сөздерді) енгізуі мүмкін. Сөйлеу тілі элементтерінің көркем әдебиетте қолданылған тұстарының бәрін мақсатты қолданысқа жатқыза беруге болмайды. Көркем

шығармада жергілікті ерекшеліктерді қолданудың мақсаты, ұстанымы туралы мәселе Ә.Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті атаулардың уәжділік мәні тармақшасында қаралады.

Бұл орайда Ш.Сарыбаев: «Жергілікті ерекшелік – әдеби тілді байытудың көзі, әдеби тілге әр кезде азды-көпті еніп отырады, әдеби қолданысқа түскеннен кейін ол диалект болудан қалады. Егер жергілікті ерекшелік (диалект сөз) көркем шығармада арнайы стильдік мақсатта қолданылса, оны «диалектизм» деп атауға болады» [7, 37 б.], – дейді.

Диалектілер, сөйленістер (говорлар) – ұлттық тілдің белгілі бір аймақтағы сөз құрауда, сөз тіркесін жасауда тарихи қалыптасқан, өзіне ғана тән дыбыстық ерекшеліктері бар тармақтары болып табылады. Алайда ол «дұрыс» сөйлеу тілімен салыстырғанда, нормадан ауытқу болып есептеледі. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің эстетикалық мәні контекстегі қолданысы мен ішкі уәжділігі негізінде айқындалады. Шығармада жергілікті тіл ерекшеліктерінің қолданылуы белгілі бір аймақтың колоритін, шығарманың шынайылығын береді. Алайда әдеби тілде жергілікті ерекшеліктерді шамадан тыс қолдану да шығарманың тілін шұбарландырып, түсініксіздікке ұрындырары сөзсіз.

Ә.Кекілбаев шығармаларында негізінен Маңғыстау өңіріндегі тұрғындардың өмірі суреттеледі, оның құрғақ, шөлді далалы аймақ екені, сол себепті құдықшылық ежелгі атадан балаға жалғасып келе жатқан өнер ретінде қастерленетіні белгілі. Сол себепті мұнда құдыққа қатысты, оны қазу, онда қолданылатын түрлі құрал-жабдық атаулары өте жиі кездеседі.

Өңге жерден гөрі өнтек қарауытқан тебін ортасындағы агарған тас әйкел барған сайын бұлдырай түсті. Қауғаны астауға сырғытып жіберіп, әйкелде талтайып тұрып алды [8, 378 б]. *Әйкел* – құдықтың кенересі құламау үшін қаланатын ортасы ойылған дөңгелек тас. М.С.Атабаева осы дөңгелек тас мағынасы диалект иелерінің құдықтың аузын бекіту қажетіне сай атауға ие болған деп есептейді. *Дөңгелек, шеңбер* ұғымы – түркілер үшін әлемтанудың аса маңызды басқышы, арба дөңгелегінен басталатын таным, *аспан – үй – шаңырақ* ұғымдарымен ұштасып, «тіршілік көзі – су» танымына негіз болған. Сөздің өзбек тілінде *ойкулча* «дөңгелек жүзді мағынасында кездесуі сөздің жалпы түркілік лексика қабатынан шығатынын дәлелдейді [9, 137 б.]. *Әйкел* сөзінің ҚТАС-та төрт түрлі мағынасы көрсетіледі, омонимдік қатар құрайды. Сөйленістерге тән омонимдердің өзіндік ерекшеліктері бар. Ш.Сарыбаев оларды әдеби тілге қатысына қарай: әдеби омонимдер, диалектілік, әдеби диалектілік деп бөлсе [7, 272-273 бб.], енді бір еңбектерде диалектілік омоним таралу шегіне қарай тағы: сөйленіс аралық, өзіндік (ішкі) сөйленістік омонимдер болып топталады [9, 200 б.]. *Әйкел* сөзі осылардың ішінде сөйленісаралық омонимдер қатарына кіреді, өйткені таралу шегіне қарай батыс өңірімен қатар Түрікменстан қазақтары, Қостанай, Қарағанды, Талдықорған жақтарын қамтиды. Бұл сөздің арғы түбі арабтың «һайкел» деген сөзінен

шыққан. Арабшасының мағынасы да «дөнгелек» дегенді білдіреді [10, 19 б.] дейтін пікір де ұшырасады. Өзбек тілінен орын алуы оның кірме сөз болса да, жалпытүркілік кезеңге тартатынын байқатады. Сөз мағынасына мүмкіндігінше тереңдей зерттеу шығармада бейнеленген шынайы болмысты тануға, батыс өңіріндегі тұрғындардың тұрмыс-тіршілігінен мол мағлұмат алуға, этнографиялық құндылығы жоғары деректерден ақпарат жинақтауға септігін тигізеді.

Көркем әдебиет тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктерінің қолданылу сипатын сөз еткенде, олардың мақсатты-мақсатсыз, уәжді-уәжсіз қолданылуына, шығармаға арқау болып отырған негізгі тақырыпқа қатысына, жазушы немесе кейіпкер тілінде берілу ерекшеліктеріне ерекше мән бере қараған жөн. «Шыңырау» повесінде кездесетін әйкел *дере, тебін, теппе, шегендеу* тәрізді құдыққа байланысты сөздер сәйкессіз диалектизмдер тобын құрайды, бұлардың әдеби тілде, басқа сөйленісте баламасы жоқ, сондықтан олардың кейбіреуі салалық терминдер қатарына енуі мүмкін. Бұл диалектизмді қолданудың уәжділігін танытады. Ол экстралингвистикалық факторларды (тарихи, мәдени, әлеуметтік, психологиялық) сабақтастыра отырып, кешенді түрде талдауды керек етеді.

Жергілікті халықтың бір зат немесе құбылысты тану деңгейіне қатысты туындаған атау (зат есім) немесе сипаттама атау (сын есім), яғни диалектизмдер сол заттың әдеби вариантын білмегендіктен емес, оған берген өзінің бағасы мен сол заттың қасиеті мен қолданымдық қызметі үстемдікке ие болуына байланысты жаңа атаудың (диалектизмдердің) туатыны – заңды құбылыс. Халық берген атау басым түсіп жатса, жалпыадамзаттық деңгейге жетіп жатса, әдеби сөздік қор қатарына енетіні де дағдылы жағдай.

Көркем әдебиет тілінде кездесетін жергілікті тіл ерекшеліктерінің бәрін бірдей әдеби нормаға жат дей беруге болмайды. Бұл орайда Н.Уәлиев: «Жалпы, диалект сөздерді зерттеу бірнеше мақсатпен байланысты. Біріншіден, бұл өзі – тарихи категория. Сондықтан да жалпыхалықтық тілдің тарихы мен қалыптасуын, оларды лексика-фразеологиялық, грамматикалық жағынан тексеру мәселелерінде диалектілердің көп пайдасы бар. Екіншіден, мұны әдеби тілді байытудың бір көзі ретінде қарау керек. Кейбір жаңа ұғымдарды, заттарды немесе бұйымдарды қазақша атау керек болғанда және баламасы әдеби тілден табылмаған жағдайда оларды осы жергілікті ерекшеліктерден іздеген абзал. Диалектизмдерден алынатын, кәдеге асырылатын сөздер әлі де бар» [2, 16 б.], – дейді

Демек, көркем мәтінде қолданылатын диалект сөздердің мән-мағынасын ашып, қолданымдық аясын зерттеп, стильдік қызметін анықтау жұмысы орынсыз қолданылған жергілікті тіл ерекшеліктері мен әдеби тіл қатарына еруге бейім тұрған диалектизмдерді айқындауға мүмкіндік береді. Ақын-жазушылардың сөз қолданысы арқылы тілдің сөздік құрамы ұлғаяды. Олардың индивидуальді-авторлық сөз тудыру негізінде қалыптасқан атауыштық сөздер

мен ұмытылып бара жатқан көне этнографизмдерді жаңғыртуы арқылы және де кейбір естілмей жүрген заттық мәдени диалектизмдері дүниеге қайта әкелуі арқылы сөздік қордың шеңбері ұлғая түседі.

Ә.Кекілбаев шығармаларында диалектизмдер негізінен кейіпкер тілінде қолданылатыны байқалады. Көркем шығармадағы диалектизмдердің қолданылу ерекшеліктерін сөз еткенде, екі фактіге: біріншіден, белгілі бір сөздерді қолдануда автордың өзіндік позициясын, мақсатын түсінуін, екіншіден, автор бейнесінің ерекшеліктеріне мән беру керек.

1.3 Жазушы тіліндегі диалектизмдердің стилистикалық қызметі. Лексикологияда сөздерді қолданылу өрісіне, қолданылу сипатына, қолданылу жиілігіне қарай бөлу дәстүрі бар. Ол сөздің ұғымдық табиғатынан, әсер ету күшінен бағалау мәнінен туады, сондықтан қазақ тілінде лексика а) сөздердің қолданылу өрісіне; ә) стильдік қызметіне байланысты; б) актив, пассив қолданылатын түрлері болып үш салаға таратылады [15, 156-157 бб.]. Диалектілік лексика соның ішінде қолданылу өрісі тар қабатқа жатқызылады. Бұл жіктеу жалпы лексиканың қолданылу қызметі, өрісі, жиілігі тұрғысынан саралау, анықтау үшін шартты түрде алынған жіктеу қатарында түсінуге болады деп есептеледі [9, 99 б.], өйткені диалектілік лексика-ұлттық тілдің бір тармағы ретінде әлеуметтік, тарихи құрылым, қабаттардан тұратын, сөзжасамдық заңдылықтары, үлгі-модельдері қалыптасқан тұтас жүйе. Диалектілік ерекшеліктер сол өзі өмір сүретін аймақтың тұрмыс-тіршілігінің барлық саласында ұшырасады, олардың қолданылу өрісі, жиілігін соған қарай бағалауға болады. Алайда мәселе жергілікті сипат төңірегінде емес, диалектілік ерекшеліктердің ұлттық тілге, әдеби тілге, көркем шығарма тіліне қатысты алғандағы қолданысы туралы болып отыр.

В.В.Виноградовтың пайымдауынша, стилистика аталатын саланың зерттеу нысаны, оның көлеміне қарай бірімен-бірі өзектес үш арнаға тарайды. Алдымен, *тіл стилистикасы* немесе *құрылымдық стилистика* екіншіден, тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметі, түрі, әрекетінен туатын *сөйлеу стилистикасы*, үшіншіден *көркем әдебиет стилистикасы*. Сөйлеу стилистикасы тіл стилистикасына сүйенеді, себебі тіл жүйесі «сөйлеуді» туғызып қана қоймайды, сөйлеу арқылы, сөйлеудің әсерімен нәрленіп әрі оны реттеп отырады [16, 20-31 бб.], өйткені бейне жасауға жарамайтын, материал бола алмайтын сөз, тілдік бірлік жоқ, тек қолданылуындағы көркемдігі мен бейнелілігі стилистикалық және эстетикалық жағынан нанымды болуы қажет. Бұл жағынан алғанда диалектілік ерекшеліктер функционалдық стильдердің бәрімен ұштасады деуге болмайды, оның ішінде публицистикалық стильде кездесіп қалатыны, кей ғылым саласының терминдері диалект есебінен толығып жататыны шындық. Сонымен қоса, диалектілік ерекшеліктер белгілі сөйлеу әрекетін толық құрай алмайды, өйткені «диалектілік тіл» жоқ, жалпы «диалектілік тіл (диалектний язык)» терминін қолданатын орыс диалектологиясында жергілікті ерекшеліктердің қазіргі күнгі жағдайына қарай «полудиалект (жартылай диалект)» [17, 3 б.] деп бөлушілік бар. «Ол диалектімен сөйлейтін аймақ жоқ, жалпыхалықтық тілдің

әсерімен пайда болған тілдік құрылым, тілдік орта дегенді білдіреді, тіл иелерінің әлеуметтік құрамына, әдеби тілді меңгеру дәрежесіне байланысты болады» [9, 22 б.].

Сондықтан диалектілік ерекшеліктердің қолданысы стилистика ғылымының: тіл стилистикасы, сөйлеу стилистикасы, көркем әдебиет стилистикасы салаларының соңғы көркем әдебиет стилистикасы аясында қаралуға тиіс. Бұл салада қазақ тілінде ауыз толтырып айтарлықтай жағдай жоқ, тек жалпы диалектілік ерекшеліктердің қолданысындағы стилистикалық бояу, стилистикалық мағына тұрғысынан алынған кейбір зерттеулерді [18, 52 б.] көрсете кеткен жөн. Мәселенің бұлай қойылысы көркем шығармада диалектілік ерекшеліктерді қолдану уәжі, себебі, мақсаты, ұстанымына байланысты ғана қаралып келе жатқанын дәлелдейді.

Егер жоғарыда айтылған «сөйлеу стилистикасы тіл стилистикасына сүйенеді» дейтін тұжырымды негізге алсақ, диалектілік ерекшеліктер тек көркем әдебиетте қолданылады деу олардың қызметін шектеу болып шығады. Диалектілік ерекшеліктер де белгілі тілдің жүйесіне енеді, ұлттық тілдің құрамдас бөлігі. Олардың көркем шығарма тілінде қолданылуы стилистика салаларының басын біріктіреді, өйткені тіл элементтерінің қайсысының болса да «жанданатын» жері – көркем шығарма.

Стилистика мәселесі зерттелген әдебиеттерде «диалектизмнің көркем әдебиет стиліндегі қолданылуы екі түрлі: бірі – авторлық ремаркада, екіншісі – диалогта. Авторлық ремаркада, кейіпкер тілімен салыстырғанда, диалектизм аз қолданылады» [19, 47 б.]. Аталған қолданылу уәжі, себеп, мақсаты осы төңіректе өрбиді. *Елеместің Шайхатты көп мошқайтыны да – оның тұтымының жоқтығы. Содан болар, талай жерде оның тапсырмасын орындаймын деп жаны көзіне көрінсе де, титекендей түйткіл қашса не дейсің. Аштан өлмес. Әйтеуір, ешкім насырына тимейді зой. Жақан ондай-ондайға көп қыңбайтын боп барады* [8, 30, 40 бб.]. Мұндағы *мошқау, тұтым, титекендей, түйткіл қашу, насырына тимеу, қыңбау* диалектизмдері – автордың баяндауында берілген кейіпкер Жақанның ішкі ойы. Жақанның өскен ортасына тән сөз қолданыс, Жақанның психологиялық күйін басқа сөзбен беру шынайылыққа жанаспас еді. *Мошқау* – тергеп, тәптіштеп сұрау мағынасындағы сөз, батыс өңіріне тән. Ә.Нұрмағамбетов «мошқау сөзінің Батыс қазақтарына монғол тобына жататын қалмақ тілінен ауысқан деп есептейді. Осы тілдің дерегіне сүйеніп атаудың монғол тілінде *мөшгөх* – ізге түсу, аңду; бурят тілінде *мөшхөхө* - аңду; қалмақта *мөшкь, мөшкән* – тергеу, *мөшкәг* – тергеуші мағыналарында қолданылатынын көрсеткен [10, 84 б.]. Сөздің бастапқы «қадағалай, тәптіштей» сұрау мағынасы «кекесін, кемсіту» мәніне де ауысқан, ол осы «Автомобиль» повесінде кейіпкер Жақанға қатысты:... *Бүгінде келгіштеуді азайтқан ауыл адамдары да анадайдан қолдарын шошайтып, мошқап бірдеме айтып бара жатқандай. Сол қол шошайтқан көз түрткі мошқау – мазақтан құтыла алмайтынына көзі біржола жетіп болды* [8, 31 б.] үзіндісіндегі қолданысынан көрінеді. Мұнда тек сұрау емес, кекесін, мазақ реңі, бояуы жатыр. Ал «Елеместің Шайхатты көп мошқайтыны» дегенде, сырттай

күлу, мазақ сарыны айқын аңғарылады, өйткені Шайхатта «тұтым жоқ». *Тұтым* ішкі тұрақтылық, басқарушыға тән мықтылық, қаталдық мағынасында қолданылып тұр. *Мошқау* сөзінің қолданылуына орай алынған *түйткіл қашу* (ренішсіз, көңіліне кірбің кірмеу), *насырына тимеу* (намысына тимеу) диалектизмдері оның қолданыс уәжін анықтап, бірін-бірі толықтырып тұр. Автор кейіпкер сөзімен сөйлейді.

Бұл тұжырымды жазушылардың көркем шығармада жергілікті ерекшеліктерді пайдалана білу шеберлігі, мақсаты тұрғысынан түсінген жөн, өйткені, «көркем сөзбен жазылған әдеби шығарма - өмір фактілерін жан-жақты терең қамтитын жанды организм. Онда адам да, аң да, құс та, табиғат та – бәрі қатысады. Тұрмыс-салт, шаруашылық, экономика салаларының қалпы, даму жолдары көрсетіледі [19, 34 б.]. Демек, көркем шығармадағы диалектизмдер осы «жанды организмнің» бір тетігі, онсыз сол «жанды организм» туралы түсінік тұтас ақпарат толық бомайды. Жазушы Ә.Кекілбаев қолданысындағы диалектизмдер өмір деректеріне негізделеді ... *өзінің төрт қанат шатпасы болғанда зой, әлдеқашан айнадай боп шыға келер еді. Екі қара ала, екі терулі алаша, күн жеп тастаған көне төсекқап пен күйе-күйе аяққап. Ық жаққа апарып, төрт-бес сіліксең жетіп жатыр. Аузы қисайып кеткен атамзаманғы жүкаяқ, ұста қайнысы қалай болса солай лекерлей салған абажадай әбдіре тек көшкен-қонғанда ғана қозғалады. Қара орманының сиқы сол. Оның өзі де ұзатылған қыздың отын жинайтын шошаласында иесіз қалды [8, 59-60 бб.]. Кейіпкер – «салпы етек, шұбалаң жаулық қара кемпір», *шатпа* мен *шошала* – оның баспанасы, *қара ала терулі алаша, абажадай әбдіре* – күнделікті тұрмысында қолданатын заты. Бұл заттар кейіпкер үшін қасиетті, жанына жақын, себебі оларда отағасының, жақын – туыс жандардың қолының табы, кіндік қаны тамған атамекенінің ізі бар. Қала тіршілігіне көндіге алмаған кейуана осыларды аңсап сағынады. Бұл ескілікті көксеу емес. Кейіпкердің тұтынып жүрген заттары – оның тұрмыс-тіршілігінің куәсі. Олар қарапайым тозығы жеткен зат емес, тіл иесі этнос өкілдері тудырған заттық мәдениет деректері. Оның ішінде адам баласы үшін аса маңыздысы *үй – баспана – шаңырақ* ұғымдары болса, *шатпа* мен *шошала* осы топқа енеді. *Үй – баспанаға* қатысты мәдени семантика ортақ, мәселе үйдің көлемінде емес, ондағы этномәдени танымда. Басқасын былай қойғанда, кейіпкер осы *төрт қанат шатпада* өз шаңырағын көтерді, балалары осында дүниеге келді. Сондықтан ол – Қара кемпір үшін қасиетті мүлік. Басқа дүние-мүліктерін абысын-ажындарына таратып беріп жатып, қызына: - *Қарағым, өзің өскен құрым күркені жазда үйіңнің қасына қалқитып тігіп қой. Кім біледі шаһарлы жерге үйренісе алмай қайтып кеп жатсақ, әйтеуір, өз үй, өлең төсегіміз күтіп тұрады зой, – деді [8, 60 б.], өйткені төрт қанат шатпаның сүйегі мен қара қазанына тимеді. Шынын айтқанда, қол тигізе алмады, дәті шыдамады. Шатпаның сүйегі мен қара қазаннан айырылу өмірдегі тірегінен айырылумен, кіндігінен ажыраумен тең. Қазақта қазан бермеу ырымы да бар. Ал келесі заттық мәдениет көріністері *қара ала* мен *терулі алашаны* өзі тоқыған шығар немесе төркінінен келген болар, ал *әбдірені* қайнысы жасаған.**

Ендеше Қара кемпір бейнесі аталған этнографизмдерсіз толыққанды сомдалмаған болар еді, оны қазіргі жиһазды салтанатты сарайға сыйғызу мүмкін емес. Стилистикалық мағына, силистикалық бояу осыны аңғартады, автордың этномәдени деректерді қолдану уәжін, оның сенімділігін көрсетеді. Көркем әдебиет стилінде диалектизм әдеби баламасы бола тұрса да қолданылатыны, оның орындылығы осындай жағдайларға байланысты айқындалған.

Диалектілік сөз мағынасының құрылымы, парадигмалық, синтагмалық, стилистикалық микрокомпоненттерден тұрады. Осының ішінде функционалды-стилистикалық микрокомпонент: функционалды-стилистикалық, әлеуметтік-стилистикалық, темпоральді-стилистикалық, квантативті-стилистикалық және экспрессивті-стилистикалық микрокомпоненттерге бөлінеді [20, 19 б.]. Диалектілік сөздің стилистикалық мағынасын бұлай шағып талдау қазақ тіл білімінде әзірге қолға алынбай келеді.

Диалектілік сөздің мағынасындағы функционалды-стилистикалық микрокомпонентте диалектілік лексиканың функционалды-стилистикалық топтарға қатысын танытатын ақпарат болады. Мұндай топтар жөнінде О.И.Блинова, О.В.Загоровская, М.С.Атабаева еңбектерінде біршама мәлімет беріледі. О.И.Блинова диалектілік лексиканы: 1) нақты-номинативтілікті білдіретін бейтарап лексика; 2) кең қолданыстағы ауызекі сөйлеу лексикасы; 3) тұрмыстық қарапайым лексика; 4) ауызша әдеби сөйлеу лексикасы [21, 86 б.], ал эмоционалды-экспрессивтілік бейтарап лексикадан басқасына ортақ деп есептейді. О.В.Загоровская бұған: арнайы, ресми – мәдени халықтық поэтикалық тәрізді топтарды қосады және тұрмыстық-қарапайым сөйлеу лексикасын жалпы эмоционалды – бағалауыштық деп бөледі [20, 19 б.]. Диалектілік лексика материалдарын бұлайша топтау олардың стилистикалық мағынасын, стилистикалық бояма мағынасын ажыратуға мүмкіндік береді.

Стилистика тілдің қолдану заңдылықтарын зерттейтін ғылым болғандықтан, тілдік белгілердің дұрыс қолданылу нормасын көздейді, ендеше ол – тіл деңгейлерінің бәрімен сабақтас сала, тіл бірліктерін мазмұн мен форма тұтастығында, тіл мен сөйлеу деңгейінде қарастырады, сондықтан тіл бірліктерінің тіркестегі, сөйлемдегі орны, түрленісі мәселелерімен байланысты болады, дегенмен тіл бірліктерінің семантикалық қыры оларды қолданылу орнына қарай да, стилистикалық мағына мен стилистикалық бояма мағынаны ажыратуға тірек болады. Тілдің көркемдегіш құралдары, лексикалық мағынасында эмоционалды-экспрессивті рең, бояу бар тілдік элементтер де стилистика қарамағына жатады. Диссертацияда осы стилистикалық мағыналық топтарына, эмоционалды рең, бояудың берілу жолдарына қарай талданды.

1.4 Материалдық және рухани мәдениетке байланысты диалектизмдер мәселесі «Ә.Кекілбаев шығармасындағы материалдық және рухани мәдениет атауларының лингвомәдени ерекшеліктері» аталатын тармақшада таратылды.

Тіл мен мәдениет арасындағы байланысты бүтін мен бөлшектің арасындағы байланыс ретінде қарастыруға болады. Тіл – мәдениеттің құралы. Белгілі тіл

иесі – сол мәдениеттің тұтынушысы. Тілдік таңба мәдениет таңбасы ретінде қызмет атқарады, сондықтан халық мәдениетін танытатын негізгі құрылымдардың бірі болады. Белгілі аймақ, өмір сүру ортасы ұлттық сипатқа, халықтың болмысына әсер етеді. Ол этностың мәдениетінде, тұрмысында, күнделікті өмірінде көрініс табады, бұл көрініс қоршаған ортаның жағдайына қарай тілде әртүрлі таңбалануы мүмкін. Сондай сөздердің бірі – *аран*: *Қуғыншыдан үркіп жөңкіле қашқан тағы үйір жолында не тұрса да қарамапты. Айдалада жаңғыз жайылып тұрған бұрыл байталды да қақпайлап әкеп, өздерімен бірге аранға жығыпты.* Шығарма мазмұнына сәйкес оқырманына түсініксіз болуы мүмкін *аран* сөзінің мағынасын сөз зергері аң аулау тәсілі арқылы түсіндіріп, сипаттап өтеді. Алайда, бұл орайда жазушы оған ғылыми, лингвистикалық тұрғыда сипаттама бермей-ақ, шығарманың өн бойымен астастыра отырып, этнолингвистикалық құнды мәліметтер келтіреді. Бұл орайда жазушы оқырманына түсініксіз болатын сөзді шығармасына енгізген кезде адресат факторын ескере отырып, өзіндік әдіс-тәсілдер қолданғаны көрінеді. *Аран* – аңшылардың жабайы аңды аулау тәсілі екені үзіндіден анық көрінеді және ежелгі әдет екені айқын. Мысалы, аң аулау тәсілі Шығыста *абылау* аталады. Аңды жан-жағынан айнала қоршап, қамалау арқылы қолға түсіру дегенді білдіреді. Бұл сөз ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *абла* түрінде кездеседі. Бурят тілінде *ау* – қоршап, қамалау. Сөздің түбірі осы *ау* тұлғасы болса керек. Жердің ыңғайына қарай қазақтың батысы мен шығысындағы осы екі атау үзілмей келе жатқан ежелгі мәдениеттің көрінісі екені даусыз. Жазушы суреттеп отырған *аран* қазақ тіліндегі омонимдік қатар құрап тұрған *аран* сөзінің екінші түріне жақын. Ол «кірпішпен темірден жасалған қоршау» дегенді білдіреді. Сонда «қоршау» семасы архисема қызметінде тұр деп түсінуге болады. Маңғыстау жеріндегі *аранмен* аң аулау тәсілі көне түркілер әлемінен келе жатқан дәстүрлі мәдениет дерегі.

Диалектілік материал қазақ тілінде этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық бағытта Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, М.С.Атабаева, Ж.Мұхамбетов, Р.Асылбеков т.б. еңбектерде қарастырылып келеді. Бұл зерттеуде Ә.Кекілбаев шығармаларынан жинақталған материалдық және рухани мәдениет көріністерінің атаулары екі үлкен топқа бөлініп, оның себептері мен ұстанымдары сөз етіледі.

2. «Ә.Кекілбаев шығармаларындағы диалектизмдердің лингвомәдени семантикасы» деп аталатын келесі бөлімде материалдық және рухани мәдениетке қатысты диалектизмдер өз ішінен тақырыптық топтарға жіктеліп, мәдениеттанымдық семантикасы сараланды.

Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негіздері арнайы зерттелген еңбекте халықтың материалдық және рухани мәдениетін танытатын жергілікті тіл ерекшеліктерін тақырыптық топтарға бөліп, олардың этимологиялық, семантикалық, семасиологиялық, этнографиялық мәні айқындалды. Халықтың тұрмыс-тіршілігінде тілдік ерекшелікке айналған мәдени атауларды *этнодиалектизмдер* деп атауды ұсынды.

Диалектілік лексика тек зат-құбылыстың атауын ғана білдіретін сөздер тобы емес, диалектілік лексикаға да сөз мағынасының әр алуан өзгерістері, дамуы тән. Сондықтан мағыналық құбылуына орай, лексикалық ерекшеліктер мен семантикалық ерекшеліктер болып жүйеленеді; ол үшін, алдымен, диалектілік лексиканың тарихи әлеуметтік құрамын, диалектілердің шығу жолын, тарихын анықтау (дәстүрлі, дәстүрсіз ерекшеліктер), екіншіден, диалектілік сөз, оны танудың критерийлерін көрсету (диалект, диалектизм); үшіншіден, диалектілік лексиканы сөз, аталымдық мағыналық даму тұрғысында жүйелеу (лексикалық, семантикалық ерекшеліктер) және диалектілік сөзді танылу жиілігіне қарай (қатысты – сәйкесті, қатыссыз – сәйкессіз ерекшеліктер) топтастыру қажет. Бұл диалектілік лексиканы этнолингвистикалық, лингвомәдени тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік береді және оның қажеттілігін арттырады [9, 22 б.].

Диалектілік лексика осындай ерекшеліктеріне байланысты тақырыптық топтарға бөлініп зерттеліп жүр, себебі диалектілік лексика да тіл иесі өмір сүрген әр кезеңнің, оның саяси, әлеуметтік жағдайының куәсі. Диалектілік лексиканың қалың қабат-қатпарларынан тіл иесі этностың тұрмыс-тіршілігіне қатысты барлық ұғымдардың таңбасы табылады. Тақырыптық-мағыналық топтарға бөліп зерттеу Ф.П.Филиннің 1936 жылғы мақаласынан басталады деп есептелінеді. Бұл – жалпы диалектология ғылымында (Кеңестік, шетелдік) кең таралған әдіс саналады, осының нәтижесінде жергілікті ерекшеліктер біршама толық жиналып, жан-жақты сипатталады. Алғашқы диалектологиялық зерттеулердегі тақырыптық топтар санына қарағанда, кейінгі зерттеулердегі топтардың санының молдығы зерттеушілердің халықтың тұрмыс-тіршілігін, өмір сүру аймағын кеңінен қамтып зерттегенін көрсетеді [9, 34-36 бб.]. Диалектілік семантикаға байланысты еңбектерінде диалектілік лексика зат, сын, қимыл, мезгіл т.б. білдіретін атаулар төңірегінде сипатталып, сексенге жуық тақырыптық топ ашылса, Ш.Сарыбаев пен О.Нақысбековтің аймақтық лексика жайлы еңбегінде қазақ диалектологиясы бойынша көп жылғы жиналып, сипатталып тіркелген диалектілік материал ұғымдық атауыштық мағынасына қарай макротоптарға іштей жіктеліп, микротоптарға бөлініп алынған [22, 34 б.]. Д.Н.Шмелевтің пікірінше, тақырыптық топ дегеніміз сөздердің тілден тыс байланыстарды білдіруі нәтижесінде топталуы [23, 130 б.], яғни табиғи байланыста өзара қарым-қатынаста болатын шындықтың бір бөлігін бейнелеу арқылы сөздер де бір-бірімен байланысты.

Қазақ диалектологиясында диалектілік лексика материалдарын тақырып бойынша жүйелеу С.Аманжолов, Ж.Досқараев еңбектерінен бастау алады. Ә.Кекілбаев еңбектері бойынша жинақталған материал осы жүйе бойынша тақырыптық топтарға бөлініп сараланды.

2.1.1 Төрт түлік малға, жан-жануарларға қатысты диалектизмдер

Батыс аймағының табиғи ерекшелігіне байланысты Ә.Кекілбаев шыармаларында түйе, түйеге қатысты атаулар молырақ. *Иштерінде Есетжан мінетіндей біреуі жоқ, өңшең тұғжым! Сол тұғжым бұрылдың көлеңке бетінде төсі жылтырап Самат ағам тұрады. Тұғжым – мығым, тегеурінді*

дегенді білдіреді. ҚТТС-та тұғжым диал. «бойы, тұрқы қысқалау, тұқырайған» деп анықтама берілген.

ҚТТС-та *тұғжи* түбірінен туған *тұғжсию, тұғжсыңдау* деген етістік формалары бар. Олардың мағынасы «тұқырая еңкею» дегеннің айналасында. Осы түбірден -м аффиксі арқылы тұғжым формасы, зат есім тұлғасы жасалған. Сөз түбірі – *тұғжи(у)*. Осыдан басқа тұлғалар жасалады: *тұғжиту, тұғжсыңдасу, тұғжсыңдау*.

2.1.2 Жер бедеріне, оның ерекшелігіне қатысты диалектизмдер.

Маңыстау өңірі құрғақ, құмды – шөлді, сондықтан судың мәні айырықша. Бұл өңірде құдықшылдық – атадан балаға берілетін өнер. Жазушы шығармаларында осы топты бейнелейтін: *алғаулы шағылтақ, нәртi, iндiгеш, орпа, жұтпа, күп* тәрізді диалектизмдер жиі қолданылады. *Күп* – сайдың тұйық, ояң жерінде иірілген су мағынасын білдіреді. Мысалы, *Қойыртпақ ішін, күпке түсіп, солардың көңілін көтереді*. ҚТТС-та *күп-күпкі* қой тоғытатын мағынада орыс сөзі деп берілген. Ә.Нұрмағамбетов *күп* сөзінің түрікмен тілінде – *ков* (сай, жыра), өзбекте – *кува* (құмыра), чуваш тілінде – *куп* (жан-жағын кірпіштен қалаған шұңқыр), гагауызда – *кюп* (үлкен қыш құмыра), алтайда – *күп* (сүт ашытатын ыдыс) дыбыстық формаларында және мағыналарда кездесетінін айтады [20, 68-69 бб.]. Бұл сөздің *күп* түріндегі «ыдыс» мағынасы ежелгі, алғашқы деуге болады, өйткені *ков* – шара құятын құмыра. М.Қашқарида *күп қыш құмыра, күшін*; парсыша: *күп* – су құюға арналған үлкен құмыра. Л.Будагов бұл сөзді парсы тілінен енген деп есептейді, онда «су, шарап құюға арналған үлкен құмыра». Ә.Нұрмағамбетов қазақ тіліндегі «күбі» сөзін осы ыдыс мағынасымен байланыстырады. Оның дәлелі – «күп болып ісу» тұрақты тіркесі көлем мағынасынан туған деп есептейді. Батыс диалектісінде бұл сөз әдеби тілдегі мағынасына қоса үш түрлі мағына білдіреді: 1) су сақтауға арналған қойма (түрікм.); 2) сайдың тұйық, ояң жеріне иірілген су; 3) үлкен шұңқыр. Бұл мағыналарды қызмет бірлігі тәсілі арқылы жасалған халықтық мағынамен ұштас шашыраңқы полисемия деп есептеушілік кездеседі [18, 187 б.]. Мағына ауысуына себеп болып тұрған ыдыс жинап-сақтау қызметі семантикалық шек, байланыс үзілмей қызмет атауы, оның ішіндегі зат атауына да ауысқан.

2.1.3 Аспан әлемі, ауа райына байланысты диалектизмдер

Тұманның арты жібіскі жаңбырға айналды *Жібіскі* – сіркіреп, майдалап жауатын жаңбыр. Ауыс мағынадан қолданылған сөз. Сөйленістерде *жіпселеу* – жасырын, білгізбей, ептеп мағанасында. Сөз түбірі — *жіпіс, -кі* деген – сын есімнің өнімді жұрнағы. Осы түбір етістік тұлғасына айналғанда *жіпіс-е -леу>жіпселеу, п//б* сәйкестігі арқылы *жібіс* деген формасы шығады. Қазіргі қазақ тілінде *жыбысқылау* (сыздықтау, жіңішкеру) деген сөз бар. Оның сингармониялық жіңішке варианты *жібіскілеу*, түбірі — *жібіскі*. Өсек айтқан адам, әрине, жасырын, білгізбей, ептеп, сыбыр-лап, күңкілдеп, күбірлеп, біртіндеп, майдалап, абайлап айтады. *Ұшқанақ* – ұшқындап (қылаулап) жауған қар. *Екі жыл қатарынан сол желтоқсанның басындағы тобық шылар ұшқанақтан басқа ештеңе түспеді*. ҚТТС-та ұшқалақ, ұшқалақтау деген сөз

бар. Сөз түбірі *ұш* (*ұшуу > ұшыу > ұшу*) болса керек. *Л//н* сәйкестігі арқылы ол *ұшқанақ* болып та айтылады. Оңтүстік Қазақстанда қар *ұшқалақтап* жауып тұр десе, Ә. Кекілбаев бұл сөзді *ұшқанақ...* (сөз түбірі — *ұшқанақ*) деп заттық мағынада қолданып отыр. Ал *Қағу* — құрғақ салқын самал жел. *Миы зеңитіндей күн бүгін әдеттегісінен әлдеқайда қағу.*

2.1.4 Үй-жай, баспанаға байланысты диалектизмдер. Жалпы сөйленістер лексикасында сөйленіс иелерінің таным — түсінігінен мол хабар беретін деректердің маңыздысы — *үй-жай, баспана* тақырыптық тобын құрайтын диалектизмдер. *Үй-мекен, үй-шаңырақ* ұғымының пайда болуы, жетілуі адамның табиғаттың саналы перзенті екендігін сезінуінің дәлелі. Сондықтан да батыс сөйленістерінде осы топқа енетін атаулар көлемі мол. Жазушы шығармасында оның *там, жай, бықынажай, құжынажай, майхана, сәлемхана, шатпа, шошала, сағанақ теппе, сылама* т.б. түрлері кездеседі. Бұл ардың ішінде жиі қолданылатын сөздің бірі — *там*. Жалпы қазақ сөйленістерінде *там* сөзі — көп мағыналы: қолдан құйған балшықтан, кірпіштен салынған үй; мола, зират, бейіт; қабырға, дуал. *Там* сөзінің Қазақстанның түрлі аймақтарындағы мағынасы туралы Ә.Нұрмағамбетов оның үй, мола, бейіт мағынасы оңтүстік говорлар тобына тән де, екінші мағынасы солтүстік-батыс говорлар тобына тән. Алматы, Жамбыл, Шымкент тұрғындары тіліндегі *там* сөзі «үй» мағынасында қолданылып келеді де, Қызылордадан асып, Аралға жақындай бергенде, бұл мағынасынан айырылып, «мола», «бейіт» мағынасына ауысып кетеді», — дейді [10, 114-115 бб.].

Тұсында әуел бастағы қарағай лашықтардың орнына осындай тәпене сыламалар салына бастағанына Петр патша қандай қуанып еді! Үйлерінің көбі — сол баяғы бір қабат сылама. *Сылама* — қам кесектен салынған, іші-сыртын сылап тастаған үй. *Сыла* түбіріне зат есім тудырушы жұрнақ жалғану арқылы жасалған диалектілік туынды сөз. Жалпы, *-ма/-ме* жұрнағы сөйленістер жүйесінде де өнімділік танытады. Әдеби сөз + әдеби қосымша → диалектілік туынды сөзжасам моделіне сәйкеседі [24, 48 б.].

Теппе — тепкішек, саты, басқыш. *Осы тұс-ау деп аяғын тіреген жері теппе болып шығады. Күнде-күнде шығып-түсіп, теппелер әбден жаталып қалған* [9, 333 б.] Түбірі — *теп, -па/-пе* жұрнағы өнімді қосымша, *теппе* көп мағыналы сөз.

2.1.5 Киім-кешек, мата атауларына қатысты диалектизмдер. Қазақтың ұлттық киім атаулары ортақ болғанымен, әр өңірдің киім кию үлгісі бөлек. Бұл сол жердің табиғат ерекшеліктеріне ғана байланысты емес, сонымен қатар тұрғылықты халқының дүниетанымын да білдіреді. *Шарқат* — шәйі орамал, әйелдер басына тартады, ер адамдар белбеу етіп байлайды. Мысалы: *Бұның қарап тұрғанын сезіп қап, жалт бұрылып еді, жайнаңдаған қос жанар көкірегін шоқша қарып өтті, өкпелегені де, еркелегені де белгісіз, керме қасын оқыс серпіп, жәудірей қарады да, шарқатын түзеді. Басындағы қызыл шарқатының ұшын оң қолымен мытып ұстап апты* [9, 55 б.]. *Шарқат* сөзінің төркіні парсы тілі деп есептейді, *чарқад* — бас орамал, жаулық [11, 76 б.].

Түрікменстан қазақтарында *қызыл шарқат* сөзі тұрмысқа шықпаған қыздың белгісі ретінде қолданылады. *Шарқат* – үлкен қызыл шәлі екендігін Н.Ильминскийден де көруге болады. Ә.Нұрмағамбетов *шарқат* сөзі парсының *шор* – төрт, қат – жақ, бүйір мағанасында жұмсалатын екі түбірден біріккенін айта келіп, қазақ тіліндегі мағынасын «төрт жақты, төрт бүйірлі» деп түсіндіреді [20, 133 б.]. Яғни заттың формасы, сыртқы тұрпаты атауға негіз болған. Ал *қызыл шарқат* тұрмысқа шықпаған қыздың белгісі. Қызыл түс түркі мәдениетіне тән. *Қызыл шарқат* оның иесі, «оң жақтағы» қызға тән өскен ортасына лайық әдеп, абыройды сақтау семантикасын танытады. Ә.Кекілбаев шығармаларында кездесетін *далбай, жапатай, мәнжі, қақыра, шытыра т.б.* киім-кешек атаулары диссертацияда лингвомәдени бірлік тұрғысында талданды.

2.1.6 Ыдыс-аяқ, құрал-саймандарға байланысты сөздер. Бұл топты күнделікті тұрмыс қажетін өтейтін зат атаулары құрайды. Бұлардың да көлемі мол: *дүмше, бақыраш, зерен, топатай, сапы, метей, күйентей т.б.* *Дүмше* – шай шығаратын аққұман, шәйнек *Шәйдың дәмі ұнайма, айтыңыз. Сізге шәйді басқа дүмшеден құйсын дүмше* – шай шығаратын ақ құман; қолға су құятын ұзын мойынды құман. Парсыша – *дом* > *дүм* – құйрық, бір нәрсенің артқы жағы [11, 137 б.] сөзінен шығуы мүмкін. Сол сияқты бір нәрсенің түп жағы, түбі. **Бақыраш** 1) кішкене шелек, 2) ожау, шөміш. Бұл сөз *көршін* деп те аталады. *Қараш, тіккені күрке, асқаны бақыраш, иті үрегеш, қызы күлегеш, ақ боз үйге кіре алмас, шоңқайма етік кие алмас, шөккен түйе міне алмас!...* Ал диалектологиялық сөздіктерде бұл сөздің бес түрлі мағынасы беріледі. Сөздің архисемасы М.А.Хабичевтің *бақыр* сөзінің түсімен, металмен байланыстыратын тұжырымы арқылы анықталады, *кур, гур* түркі тілдеріндегі «қызыл» сөзінің түбірі де, *бой* – бояу – бұлардың бәрі жез ұғымынан тарайтын атауларға негіз болады. *Бақыраш* – жезден жасалған ыдыстың бір түрі [9, 38-39 бб.].

2.1.7 Жиһаз, мүлік атауларына қатысты диалектизмдер. *Тақыт* – *тақ*. Мысалы, «*Бас тақыт бос*». Осы сөз жазушы тілінде жиі кездеседі. Парсыша *тәхт* деген екі түрлі мағына береді: 1) патшалардың отыратын орны, орындығы; 2) *ауысп.* мәртебесі жоғары, шоқтығы биік. Ә.Кекілбаев осы сөзді *тақ* сөзімен қатар қолданып отырады. Қазақ тілінде сөз соңындағы қатар келген екі дауыссыз дыбыстың біреуі айтылмай түсіп қалады: *тақт* > *тақ* не болмаса ол екі дауыссыз дыбыстың арасына бір дауысты қыстырма (дәнекер) дыбыс қосылып айтылады: *тақыт*. *Тәхт* сөзі *тақ* түрінде айтылуын қазақ тілінде парсыша *дуст, раст* сөздерінің соңындағы *т* дыбысы түсіріліп, *дос, рас* болып айтылу заңдылығымен салыстыруға болады. *Тақ* пен *тақыт* бір сөздің екі түрі (дыбыстық нұсқалары). Біреуі – ескі түрі (*тақыт*), біреуі – оның жаңа түрі (*тақ*). Олар әуелі қатар жүріп, жарыса қолданылады да, жүре-бара біреуі ауызекі тілде қалған. *Ай тақырда отырып тас қорғанның ішіндегі алтын тақыттан дәмету, бір қарағанда, есерлік сияқты!* *Абдыра* сөзі қазақ сөйленістерінде *а-ә* алмасуларына сәйкес *абдыра - әбдіре* түрінде ұшырасады,

«сандық, кебеже» мағынасын білдіреді. Монғол тілінде *авдар* – кебеже, сандық, қырғызда *абдыра* – үлкен жәшік, сандық, тува – *антара*, хакас тілінде – *абдыра* қобдиша, кішкене сандық, қалмақ – *авдр*, сандық, жәшік. Бұл сөз *абдари* түрінде парсы тілінде ұшырасатыны және парсы тіліне түркі тілдерінн ауысқан дейтін пікір бар, өйткені маньчжур тілінде «абдари моо» емен тұқымдас ағаш атауын білдіреді. Кебеже, сандық сияқты заттар ағаштан жасалған, оның ағаш мағынасын білдіретін *моо* сөзі түсіріліп, «абдари» атауы зат ауына ауысқан. Бұл сөз оңтүстік сөйленістерде *абдырая* тұлғасында, Қытай қазақтары тілінде *Абдыра* гидронимі, *Абдыра* ойконнимі ретінде қолданылады. Ә.Кекілбаев шығармаларында *әбдіре* формасында «сандық» мағынасында қолданылып тұр» (*Әбдіре* мен жүкаяқты екі келініне қолдатып жіберді).

2.1.8 Ас-су, тағам атауларына байланысты диалектизмдер. Ас-су, тағам – қай этнос болмасын оның мәдениетінің негізгі бөлігі құрайды, себебі бұл ұғымдарда тіл иесінің табиғи – географиялық жағдайларға негізделген өндіріс пен өндіргіш күштерін жетілдіру жолындағы бүкіл шаруашылық әрекеті көрініс табады [9, 256 б.]. Басқа тұрмыстық зат, киім-кешекке қарағанда, ас-су тағам ұғымы тұрақты келеді. *Борша* – ас-тамақтың бір түрі, боршалап сойылған сүр еттің бір бөлігі, бөлшегі.

– *Келінің ащы борша жоқ па деп, біздің үйге барғыштайтынды шығарыпты, толғақ білем.* Біздің ойымызша, бұрын *борша* деген ас-ауқаттың бір түрі қазақ арасында да болған сияқты, өйткені қазіргі қазақ тілінде "Сенің шешен (сені) туғанда *борша* жемеп пе еді?" деген сөз орамы бар. Ол қазір "қалжа жемеп пе еді?" деп айтылып та жүр. *Зәнзәбіл* — ас-тағамның дәмін келтіру үшін асқа салынатын (қосылатын) бақша дақылдарының бірінің ұнтағы. Мысалы: – *Ас алыңыз! Мен шәйға Басқаланың қалампыр, талшын, зәнзәбілі салып, дәрмектеп ішкенді жақсы көрем.* Осы сөз Ә. Кекілбаевта *зәнзәбілі-зәнзәбіл* болып екі түрлі қолданылған. Өзбек тілінде *занжабил* – имбирь, қазақ тілінде ол – *имбирь* (тамыры асқа дәм-татым ретінде қосылатын өсімдік). Парсыша – *занджабил* – имбирь [11, 261 б.].

2.2 Рухани мәдениетке қатысты диалектизмдер. Рухани мәдениетті бейнелейтін диалектизмдер жалпы мәдениеттен бөлек оқшау дүние емес, тек ұлттық салт-дәстүрлердің жергілікті нақыштары, аймақтық туындылары. Ә.Кекілбаев шығармаларынан рухани мәдениетке қатысты көрісу, *дәп, тәр, уақы, қойманшы, кісіәпір, шыймайшы* тәрізді диалектизмдерді келтіруге болады. Мысалы, *тәр – дәстүр, әдет-ғұрып: Осы күндері қаланың тәрі мен тәртібіне шорқақ тұз адамы келе қалды.* Көне жазба ескерткіштерде *toru* – заң, дәстүр, Махмұт Қашқари сөздігінде *жән-жосық, салт-әдет,* Ә.Нұрмағамбетов сөз төркінін монғол тілінен де, араб тілінен де шығару мүмкіндігін айтады. Монғол тілінде *төр* – мемлекет, өкімет, басқару [20, 118 б.]. Диалектілік лексикада бұл сөз *жосын, дәп, кәдет, насты, тәрейлі, үрдіс* атауларымен дублет құрайды. **Қойманшы** – «қойшы-қолаң» деген мағынада. Мысалы, "Қамшысын ортаға тастамай қойшы сөйлер, қойманшы сөйлер, ал өзін сыйлайтын ер азамат жағын ашпайды [8, 126 б.]. Бұл сөздің

құрамындағы **-ман** аффиксі туралы Ғ.Қалиев «зат есімдер мен етістіктерге қосылып, бір сапаға иә бір нәрсеге ие болу қасиетін көрсететін парсының *-мәнд>ман* жұрнағы» болуы мүмкін деген пікір айтады [24, 143 б.]. Сөйленістердің өзінде ғана, бұл жұрнақ бес түрлі мағынадағы сөз жасайды. *Қойманшы* – солардың ішінде кәсіп атауына келеді. Койчуман түрін Э.В.Севортян көрсеткен. **Шимайшы** – суретші, сурет салатын адам. Мысалы, *Сумақай Юмаш сурет салады. Ханзаданың суретін саламын деп талай қағаз шимайлады...* Әлгі *шимайшының* салмайтыны жоқ. Бұл сөз кекесін мағынасында қолданылып тұр, **-шы** жұрнағы кәсіп, мамандық атауын білдіру үшін қолданылатын өнімді жұрнақ екені белгілі. Бұл тәрізді сөздерді окказионалды сөз деушілер де бар. **Кісәпір** батыс сөйленісінде – ұрының (ұры адамның) бір түрі, (қалтаға түсетін ұры), қаныпезер мағынасында қолданылады. *Осы жолы ата-баба аруағының алдында ол кісәпірдің көзін біржолға құрту керек.* Парсы тілінде **кисәбор** >*кисәпір* (*кисә+бор, кісә+пір*) қалта тесетін, кісе кесуші, қалта ұрысы, қалтаға түскіш. Түбірі – *кисә* – 1) әмиян, шилан, ақша қалта; 2) дөрекі қолғап. Екінші компоненті – *бор>пір*. *Кісәпір* тәрізді сөздерге *кесу* деген мағына береді [11, 47 б.]. ... *жақсылықты білмейтін кісәпір неме сарбаздарының біреуін де тірі қалдырмай, түгел қырып тастады* [8, 80 б.].

Рухани мәдениет көріністерінен жиналған диалектизмдер өз ішінен: *адамның әлеуметтік орны, кәсібі, мінез-құлқына; тұрмыс-салт, әдет-ғұрыпқа, ауру-сырқау, емшілікке; ойын сауық той-думанға* байланысты диалектизмдер болып топталып сипатталады.

2.3 Эмоционалды-экспрессивті диалектизмдер. Ә.Кекілбаев шығармаларында үлкен-кіші, жағымды-жағымсыз мәнді бағалауыштық сипаттағы сөздердің жиынтығы біршама. Жазушы мұнда белгілі *-дай/дей, -ма/ме* жұрнақтарының әдеби тілдегі атауларына қоса, жергілікті сипаттағы бағалау мәнді сөздер жасайтынын көрсеткен. **Кергіме** — кергітін, кербезденген, кеудесін көтерген (адам) *-ма/-ме* жұрнағы етістіктен есім сөз тудырып, қандай да бір заттың, адамның сынын, белгісін білдіру үшін қолданылады. *Әйтпесе, мұндағы ауызымен орақ орган көп кергіме жұрт алдында тағы да табаға ұшыратып жүрер. Олардың кеңк-кеңк күлкісі мен кергіме дауы да құлағына майдай жағады* [8, 526 б.]. Бұл сөздің түбірі – *кергі, кеудесін көтеру, кербездену*, ал *-ме* қосымша, кергінің түбірі *кер* – *тәкаббар, паң, кербез, керенау, кердең, керім, кержю*. ...*сыздаймын деп отырып қаралай іш пыстыратын кергіме жаутаңмен-ақ жалыныңды сөндіретін ынжық...* *Құдай тағала, еркек деген немерелердің сорттары қандай көп еді!* [8, 2. 200 б.]. **Күпіме** - күпілдек. Сөздіктерде күпіме сөзі кездеспейді, сірә, бұл жазушының өз қолданысынан туған. *Бұның қит еткеніне аузын ашып, көзін жұмып отыратын қара тобыр бұдан былай ала бөтен өлімін де ауыздан ауызға, елден елге, гасырдан гасырға көшкен сайын өсе, өркештеңе түсетін күпіме аңызға айналдырады* [8, 194 б.]. *Кергіме, күпіме* диалектизмдері де «әдеби негіз, әдеби қосымша» үлгісі бойынша түсіндіруге болады. Автор *кергіме* сөзіне бірнеше ауыспалы мағына сыйғызған. ҚТТС-та *күпі, күпіл, күпілдеу, күпілдік* сөздері көрсетілген, бірақ *күпілу* сөзі көпірме «бос сөзді мақтаншақ» сөзімен мағыналас, түбірі *көп көтерілу, ісіну*,

бөрту. Бозым – бозөкпе. Балалары қақшаңдаған әкесіне тартпай, балағын жинай алмай жүрген шешесіне тартып туған. Өңшең бір аузынан сөзі түскен бозым. [8, 294 б.]. *Бозым* Ақтөбеде айыр өркешті түйе. Жазушы эмоционалды-экспрессивті диалектизмдерді стилистикалық мағына білдіру мақсатында қолданған.

Қорытынды

Жергілікті тіл ерекшеліктері, яғни диалектизмдер, тілдің сөздік құрамында елеулі орын алатын тілдік жүйе бірліктері екені белгілі. Сондықтан ұлттық тілдің құрамына енетін диалектизмдер туралы «екіүшты қолданылатын ондай сөздер қажетсіз, олардан құтылу керек» деп, кесіп айтатын пікірден аулақ болған дұрыс. Ол үшін жергілікті тіл ерекшеліктерінің тілдік жүйедегі қызметі мен ауызекі сөйлеу актілеріндегі қазақтың ұлттық бітім-болмысына тән көріну өзгешеліктерін ескере, көркем мәтіндегі қолданылу сипатын тереңінен қарастыра отырып, жұмсалымдық аясын, стильдік қызметін нақты дәйектеп көрсету қажет.

Демек, көркем мәтінде қолданылатын диалект сөздердің мән-мағынасын ашып, қолданымдық аясын зерттеп, стильдік қызметін анықтау жұмысы орынсыз қолданылған жергілікті тіл ерекшеліктері мен әдеби тіл қатарына енуге бейім тұрған диалектизмдерді айқындауға мүмкіндік береді. Ақын-жазушылардың сөз қолданысы арқылы әдеби тілдің сөздік құрамы ұлғаяды. Олардың индивидуальді-авторлық сөз тудыру негізінде қалыптасқан атауыштық сөздер мен ұмытылып бара жатқан көне этнографизмдерді жаңғыртуы арқылы және де кейбір естілмей жүрген заттық мәдени диалектизмдерді қайта дүниеге әкелуі арқылы сөздік қордың шеңбері ұлғая түседі.

Талдау негізінде Ә.Кекілбаев шығармаларында қолданылатын диалектизмдердің пайда болу себептері, олардың басқа сөйленістерге қатысы анықталды, семантикалық даму, өзгеріс жолдары көрсетілді.

Жазушы шығармаларында фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктер де ұшырасады. Олар батыс сөйленістерінің айырым белгісі саналады. Автор кейіпкерді сөйлету арқылы олардың стилистикалық қызметін көрсетіп отыр. Лексикалық ерекшеліктер, негізінен, осы аймақ халқының қолданысында жүрген атаулар, олар материалдық және рухани мәдениет деректері ретінде тақырыптық топтарға таратылып талданды.

Шығармада жергілікті тіл ерекшеліктерінің қолданылуы сол өңірдің колоритін беріп, шығарманың шынайылығы үшін қызмет етеді. Ол, ең алдымен, шығарманың тақырыбына, мазмұнына, суреттелетін оқиғаларға, автордың мақсатына, эстетикалық идеалы мен шеберлігіне байланысты. Орынды, мақсатты түрде қолданылған жергілікті ерекшеліктер тілдік экспрессияның тиімді құралы болып табылады.

Тұтастай алғанда, Ә.Кекілбаев шығармалары Маңғыстау өңірі тұрғындарының өмірінен, тұрмыс-салтынан, тіршілігінен энциклопедиялық деңгейде хабардар ететін туынды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әуезов М.О. Шығармалар. 12-том. – Алматы: Жазушы, 1969. – 533 б.
- 2 Уәли Нұргелді. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2007. – 311 б.
- 3 Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 213 б.
- 4 Звегинцев В.А. Предложение и его отношение к языку и речи. – М., 1976. – 160 с.
- 5 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000. – 208 б.
- 6 Сыздық Р. Сөз құдыреті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 272 б.
- 7 Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2000. – 621б.
- 8 Кекілбаев Ә. 2 томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989.
- 9 Атабаева М.С. Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. – Алматы: Білім, 2006. – 228 б.
- 10 Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Мектеп 1 том. 1984. – 255б.; 2 том 1989. – 284 б.
- 11 Оңдасынов Н.Д. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан 1974. – 76 б.
- 12 Кекілбаев Ә. Шыңырау: роман және повестер. – Алматы: Жазушы, 1982. – 456 б.
- 13 Нұрмағамбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. – Алматы, 1978. – 215 б.
- 14 Мұхамбетов Ж. Көркем мәтіндердегі диалектизмдердің этномәден мәні. Филол. ғыл. канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 2007. – 118 б.
- 15 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1987. – 256 б.
- 16 Виноградов В.В. Проблемы русской стилистики. – М.: Высшая школа, 1981, – 320 с.
- 17 Коготкова Т.С. Русская диалектная лексикология. – М.: Наука, 1979. – 333 с.
- 18 Атабаева М.С. Диалектілік сөз мағынасы. – Алматы: РБК, 1996. – 116 б.
- 19 Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1974. – 190 б.
- 20 Нұрмағанбетов Ә. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні. – Алматы: Мектеп, 1985. – 159 б.
- 21 Загоровская О.В. Семантика диалектного слова. – Сыктывкар: СГУ, 1989. – 60 с.
- 22 Нақысбеков О., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 192 б.
- 23 Қалиев Ғ. Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2002.

– 190 б.

24 Шмелев Д.Н. Очерки по семасиологии русского. М.: Просвещение, 1964. – 243 с.

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған мақалалар тізімі:

1 Ауызекі сөйлеу тілімізде жіңішке айтылатын дыбыстар туралы // Профессор С.М. Исаев және мерзімді баспасөз тілі: республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – 157-160 бб.

2 Қазіргі қазақ тіліндегі палаталды гармония туралы бірер сөз // Көркем әдебиет тілінің өзекті мәселелері: халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары – Алматы, 2003. – 129-133 б.

3 Қазақ тіліндегі үнемдеу заңы туралы бірер сөз // Мәдениетаралық қатысым мен қазақ, орыс филологиясының өзекті мәселелері: халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы, 2004. – 748-753 бб.

4 Көркем әдебиет шығармаларының тіліндегі кейбір лексикалық ерекшеліктер // Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері: екінші халықаралық түркология конгресі. – Түркістан, 2006. – 439-445 бб.

5 Көркем проза тіліндегі маргинал-араб сөздерінің қолдану ерекшеліктері // Бүгінгі түркітану және оның даму бағыттары: проф. Ә.Құрышжанұлының 75 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2006. – 121-125 бб.

6 Көркем проза тіліндегі парсы сөздерінің қолдану ерекшеліктері // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2006. – 545-549 бб.

7 Сөз таңдаудағы кейбір ауытқулар туралы бірер сөз // Тілтаным. – 2003. – №4. – 49-56 бб.

8 Қазіргі қазақ тіліндегі кейбір маргиналии сөздер жөнінде // Тілтаным. – 2005. – №1. – 131-135 бб.

9 Ә.Кекілбаев шығармаларындағы беймағлұм сөздер туралы // Тілтаным. – 2006. – №1. – 99-104 бб.

10 Жаңа сөз жасаудың кейбір үлгілері жайында // Абылай хан атындағы ҚХК және ӘТУ Хабаршысы. – 2005. – №4 (13). – 89-92 бб.

11 Этимологиялық этюдтер // Қ. Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы. – 2006. – №1. – 3-12 бб.

12 Ә.Кекілбаев шығармаларындағы диалектизмдердің қолданылу ерекшеліктері // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2008. – 88-96 бб.

РЕЗЮМЕ

**на автореферат диссертации на соискание ученой степени
кандидата филологических наук по специальности
10.02.02 – Казахский язык**

Есенова Кырмызы Есеновна

Лингвокультурные характеристики местных названий в прозе А.Кекильбаева

Актуальность темы исследования. Одним из наиболее перспективных в современной лингвистике для дальнейшего исследования стало изучение художественных произведений, имеющих огромное значение в духовной жизни казахского народа. Реферируемая диссертация выполнена в русле таких научных направлений, как литературная норма, лингвокультурология, литературный стиль и т.д. Данная работа посвящена рассмотрению диалектизмов в прозе А.Кекильбаева.

Основная теоретическая база диссертации представляет собой изучение диалектизмов, а также выявление местных особенностей в художественном произведении с привлечением работ таких ученых, как Ж.Мухамбетов, А.Есенбай, Р.Асылбеков и др. Их работы были посвящены в основном становлению и развитию литературного языка, нормам литературного языка, языковой культуре, а также касались антропоцентрического направления в современном языкознании, однако в них отсутствует рассмотрение местных особенностей, диалектизмов в художественной литературе. Помимо этого в современной лингвистике отсутствуют работы, исследующие местный говор и колорит.

В фокусе нашего исследования находятся диалектизмы, которые находят отражение в художественной прозе А.Кекильбаева.

Таким образом, актуальность исследования данной работы объясняется тем, что

- возрос всесторонний интерес к культуре казахского языка, приобретающего особую значимость в контексте глобализации;
- недостаточной изученностью диалектизмов;
- отсутствием научных исследований в области литературного языка.

Объект исследования. Местные языковые особенности, диалектизмы в прозе А.Кекильбаева.

Источником исследования согласно объекту работы послужила проза А.Кекильбаева, а также основополагающие труды известных казахстанских ученых С.Аманжолова, Ж.Доскараева, А.Нурмаганбетова, С.Омарбекова, Ш.Сарыбаева, «Диалектологический словарь казахского языка» (1969; 1996;1999), «Региональный словарь казахского языка» (2005), «Словарь тюркского языка» М.Кашкари, «Памятники древнетюркской письменности» С.Е.Малова (1951).

Методы исследования. В процессе рассмотрения местного колорита в художественном тексте использованы сравнительно-сопоставительный, описательный (при изучении языкового материала как единицы лингвокультуры), компонентный методы, а также метод семантического анализа.

Методологическую основу исследования составляют фундаментальные труды ведущих российских и отечественных ученых А.Байтурсынова, М.Аузова, В.Виноградова, Н.Гальперина, С.Аманжолова, М.Балакаева, Р.Сыздык, Ш.Сарыбаева, А.Кайдара, Е.Жанпейсова, Г.Калиева, Н.Уалиева, Ж.Манкеевой, Г.Смагуловой, М.Атабаевой и др. в области диалектологии, лингвокультуры, норм литературного языка, лингвистики художественного текста, стилистики, прагматики и языкознания.

Целью данного диссертационного исследования является изучение диалектизмов в прозе А.Кекильбаева, комплексный анализ местного колорита в ней, определение культурной, познавательной природы, характер применения местных языковых единиц.

Задачи, определяемые этими целями, формируются следующим образом:

- определить специфические особенности, распределить по тематическим группам, описать с лексико-семантической точки зрения диалектизмы, встречающиеся в прозе А.Кекильбаева;

- показать причастность фонетических, грамматических, лексических особенностей к видам стиля, изучить их с позиций стилистического значения, стилистической окраски, значения;

- на уровне лингво-культурной единицы подвергнуть анализу диалектизмы, причастные к материальной и духовной культуре;

- в процессе описания национально-культурных особенностей диалектизмов проследить историю возникновения некоторых названий;

- показать использование диалектизмов в прозе А.Кекильбаева в рамках литературной языковой нормы, языка художественной литературы;

- определяя мотивы использования диалектизмов в художественном произведении, обозначить их зональный (региональный) характер.

Научная новизна исследования:

- в результате исследования обобщены и подвергнуты классификации по фонетическим, грамматическим, лексическим признакам. По мере частоты использования различены смысловые группы, определены их исторические, социальные, экстралингвистические факторы;

- согласно задаче использования диалектизмов в художественном произведении выявлены прагматические, стилистические особенности диалектизмов, встречающихся в тексте, обнаружена их стилистическая природа, стилистическое значение, стилистически окрашенное значение;

- дифференцированы стилистические задачи использования фонетических, грамматических особенностей в художественном тексте, выявлены историко-социальные причины причастности этих особенностей к местности, описываемой писателем;

- приняв выявленные языковые факты как этнокультурную, лингвокультурную единицу, определена историко-познавательная, культурная функция информации, с помощью чего определены взаимосвязь с другими окрестностями, в целом актуальность и духовная, материальная культура казахов.

Теоретическая значимость исследования. Теоретические положения исследования существенно дополняют научно-теоретическую базу современной лингвистики. Научные принципы, разработанные в исследовании, можно использовать в таких сферах науки языке, как диалектология, стилистика, лингвистика текста, языковая норма литературного языка, нормирование, язык художественного произведения, диалектизмы. Выдвинутые в работе предложения дополняют и способствуют развитию антропоцентрического направления в современном казахском языкознании с научной точки зрения.


Практическая значимость исследования состоит в возможности использования результатов проведенного комплексного исследования в вузовских курсах общего языкознания, при разработке лекций, спецкурсов и спецсеминаров по диалектологии, лексикологии, лингвистике, этнолингвистике, лингвокультуре для студентов филологических факультетов высших учебных заведений.

Положения, выносимые на защиту:

- диалектизмы, целенаправленно использованные в языке писателя, являются эффективным инструментом экспрессии;
- местные языковые особенности в произведениях А.Кекильбаева ярко свидетельствуют о мировоззрении и миропонимании носителя языка;
- в прозе А.Кекильбаева с помощью языковых знаков закодированы мысли, чувства, интенции писателя;
- в процессе изучения языка писателя и проведения комплексного анализа текста и дискурса, можно определить культурно-исторические источники, этнонациональные особенности и социальный характер текста, философскую миропознание и психологическую характеристику народа;
- в художественном тексте наряду с лексическими особенностями встречаются и фонетические, грамматические особенности, согласно задаче писателя они выполняют стилистическую функцию.

Апробация результатов исследования. Основное содержание диссертационной работы отражено в научных изданиях, рекомендованных Комитетом по надзору и аттестации. Отдельные положения работы были изложены на международных и республиканских конференциях. По теме исследования опубликовано 12 научных статей.

Структура работы. Данное диссертационное исследование состоит из введения, двух разделов, заключения и списка использованной литературы.



SUMMARY

**of the thesis submitted for conferring the scholarly degree Candidate of
Philological Sciences
Specialty 10.02.02. Kazakh Language**

Esenova Kyrmyzy Esenovna

**Linguistic culture characteristics of local names
in the prose of A. Kekilbaev**

The topicality of the thesis. One of the most promising in modern linguistics for further research became the study of the artistic works which have great importance in the spiritual life of the Kazakh nation. Refereed dissertation was completed in line with these research directions, as a literary norm, linguistics, literary style, etc. This paper is dedicated to consideration of the dialect in prose of A. Kekilbaev.

The main theoretical basis thesis is the study of dialect, as well as the identification of local characteristics in an artistic work, involving the work of scholars such as J. Mukhambetov, A. Yesenbay, R. Asylbekov etc. Their work has been devoted mainly to the establishment and development of literary language, norms of literary language language arts, as well as related anthropocentric trend in modern linguistics, but they lack consideration of local peculiarities and dialect in literature. In addition, in modern linguistics there is no work exploring the local dialect and coloring.

In the focus of our study there are dialectisms, which are reflected in the prose of A. Kekilbaev.

Thus, the relevance of this research work is explained as

- increased interest in a comprehensive culture of the Kazakh language, acquires special significance in the context of globalization;

- insufficient study of dialect;

- lack of research in the field of literary language.

The object of study. Local language features, dialectisms in the prose of L. Kekilbaev.

The source of the object under the study served the prose of A. Kekilbaev, as well as the fundamental works of famous Kazakh scientists Amanzholov, J. Doskaraev, A. Nurmaganbetov, S. Omarbekov, S. Sarybaev. "Dialectological Dictionary of Kazakh language" (1969, 1996; 1999), "Regional Dictionary of the Kazakh language" (2005). "Dictionary of Turkic language" M. Kashkari, "Monuments of ancient Turkic writing" of S.E.Malov (1951).

Methods of research. In reviewing the local color in artistic text comparative benchmarking, descriptive (in the study of linguistic material as a unit linguistic

culture), component methods, as well as the method of semantic analysis were used.

The methodological basis of this research is the fundamental works of leading Russian and domestic scientists as Baitursynov A., M. Auezov, Vinogradov, N. Halperin, Amanzholov, M. Balakayev, R. Syzdykov, S. Sarybaev, A. Kaydar, E. Zhanpeisov, G. Kaliyev, N. Ualiev, J. Mankeeva, G. Smagulova, M. Atabayeva and others in the field of dialectology, linguistic culture, norms of literary language, linguistics of literary text, stylistics, pragmatics and linguistics.

The purpose of this dissertation is to study the dialect in prose of L. Kekilbaev, a comprehensive analysis of local color in it, the definition of cultural, educational nature, the nature of the use of local language units.

The tasks defined by these goals, are formed as follows:

- identify specific characteristics, to distribute to thematic groups, describe according to the lexical-semantic point of view dialectisms occurring in prose of A. Kekilbaev;

- show the involvement of phonetic, grammatical and lexical features to the type of style, examine them with the position of stylistic significance, stylistic color and values;

- at the level of linguistic-cultural unit to analyze dialectisms involved in the material and spiritual culture;

- in the description of the national-cultural dialect to trace the history of some names;

- demonstrate the use of dialect in prose of A. Kekilbaev in the literary language standards, language fiction;

- determining the reasons of the use of dialects in art work, identify their zonal (regional) character.

Scientific novelty of the study:

- The study is compiled and subjected to classification by phonetic, grammatical, lexical features. As the frequency of use semantic groups are distinguished, their historical, social, extralinguistic factors are defined as well.

- according to the problem of use of dialects in an artistic work pragmatic, stylistic features of the dialect were defined, which were met in the text, their stylistic nature, stylistic value, stylistically colored value were found;

- stylistic problems of phonetic, grammatical features in a fiction were differentiated, historical and social reasons for the involvement of these features to the terrain, described by the writer have been identified;

- Having identified linguistic facts as ethno-cultural, linguistic culture unit their historical-cognitive, cultural function of information is defined, through which relationship to other neighborhoods, in general, the relevance and spiritual, material culture of the Kazakhs were identified.

The theoretical significance of the study. Theoretical study is an important complement to the scientific and theoretical basis of modern linguistics. The scientific principles developed in the study can be used in the fields of science language as dialectology, stylistics, text linguistics, language norm of literary language, standardization, the language of art, dialectisms. Proposals put forward

in the proposals complement and contribute to the development of anthropocentric trend in contemporary Kazakh linguistics from a scientific point of view.

The practical significance of the study is the ability to use the results of a comprehensive research university courses of general linguistics, in the development of lectures, courses and workshops on dialectology, lexicology, linguistics, ethnolinguistics, linguistic culture for students of philological faculties of higher educational institutions.

Regulations issued for the defence:

- dialectisms purposefully used in the language of the writer, are an effective tool of expression;
- local language features in the works of A. Kekilbaev clearly indicate ideology and world outlook of a native speaker:
- in the prose of A. Kekilbaev thoughts, feelings and intentions of the writer are encoded with linguistic signs;
- in the process of learning the language of the writer and a complex analysis of the text and discourse, we can determine the cultural and historical sources, especially the ethnic-national social character of the text, philosophical cognition of the world and psychological characteristics of people;
- in a fiction, along with the lexical features, phonetic and grammatical features are met, according to the task of the writer they perform stylistic feature.

Testing results of the study. The main content of the thesis is reflected in scientific publications, recommended by the Committee on Oversight and appraisal. Some of the works were presented in international and national conferences. By research theme 12 scientific papers were published.

The structure of the work. This research consists of introduction, two chapters, conclusion and list of used literature.

Есенова Қырмызы Есеновна

**Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ
АТАУЛАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ**

10.02.02 – қазақ тілі

Филология ғылымдарының кандидаты
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның

АВТОРЕФЕРАТЫ

ИБ № 4621

Басуға 15.10.2009 жылы қол қойылды. Пішімі 60x94 1/16. Көлемі 1,5 б.т.
Офсетті қағаз. RISO басылыс. Тапсырыс № 616. Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды